

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" респубикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандығы № 194 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 588 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президенті мен

Үкіметі актілерінің жинағында және

респубикалық баспасөзде жариялануға

тиіс

### Р К А О - н ы ң                    ескертпесі !

Осы Жарлық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

#### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" респубикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандығы № 194 Жарлығына ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 418-құжат; 2007 ж., № 24, 267-құжат; № 42, 476-құжат; 2008 ж., № 42, 464-құжат; 2009 ж., № 33, 307-құжат; 2010 ж., № 39, 335-құжат; 2012 ж., № 10, 189-құжат; № 36, 476-құжат; 2013 ж., № 22, 351-құжат; 2014 ж., № 4, 29-құжат; № 32, 282-құжат; № 75, 666-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" респубикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасы тауар өндірушілері мен экспорттаушылар одағы" респубикалық занды тұлғалар бірлестігінің төрағасы" (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан тауар өндірушілері мен экспорттаушылар одағы" респубикалық занды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті" (келісім бойынша)";

"Қазақстан тағам және қайта өндеу өнеркәсібінің тауар өндірушілер одағы" занды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның тағам кәсіпорындары одағы" занды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)";

"Тұтынушылардың ұлттық лигасы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан құс шаруашылығы одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Қазақстанның картоп өсірушілері мен көкөніс өсірушілері қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігінің тәрағасы (келісім бойынша)";

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс өткізу және лауреат атағын беру қағидалары осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру қағидалары осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі Комиссия туралы ережеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комиссия тәрағасы оның қызметін басқарады, отырыстарға тәрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия тәрағасы болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындаиды.

Эмблемалардың нысандарын және конкурстардың дипломдарын сипаттамаларымен қоса Комиссия тәрағасы бекітеді.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) оқыту семинарларын және вебинарлар өткізу арқылы әлеуетті қатысушылар үшін конкурстар өлшемшарттары бойынша оқытууды ұйымдастыру;

8) сарапшылар тізілімін жүргізу;

9) конкурстарды ақпараттық сүйемелдеу және әлеуметтік желілерде сапа идеясын насиҳаттау;

10) өнірлік және республикалық конкурстардың сараптамалық топтарын құру;

11) кәсіпорындарға бару арқылы финалистерді бағалауды жүргізу.";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Конкурстардың жеңімпаздарына конкурстардың эмблемаларын және дипломдарын беру салтанатты жағдайда жүзеге асырылады. Конкурс жеңімпаздарына конкурстардың эмблемаларын және дипломдарын тапсыру күні және орны Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша айқындалады.".

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2018 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2017 жылғы 24 қарашадағы  
№ 588 Жарлығына  
1-ҚОСЫМША  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2006 жылғы 9 қазандағы  
№ 194 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс өткізу және лауреат атағын беру ҚАФИДАЛАРЫ**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығы (бұдан әрі – сыйлық) өнімнің және/немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы саласында үйымның елеулі нәтижелерге қол жеткізгені үшін, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткені, сондай-ақ үйымның сапаны басқарудың тиімділігі жоғары әдістерін енгізгені үшін конкурстық негізде жыл сайын беріледі.

Сыйлық лауреат атағына ие болған конкурсқа қатысушыларға конкурстың эмблемасын, лауреаттар дипломдарын және ақшалай сыйақыны беруді көздейді.

Ақшалай сыйақы мөлшері 450 (төрт жүз елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" респубикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) осы Қафидалардың 5-тармағында көзделген төрт номинациядағы үш санат бойынша жыл сайын сыйлықтар береді.

Сыйлық лауреаты атағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурстың (бұдан әрі – конкурс) жеңімпаздарына Комиссия шешімінің негізінде беріледі.

3. Сыйлық алуға арналған конкурсты үйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

4. Сыйлық алуға Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар өндірумен (қару-жарақ пен әскери техника өндіруді қоспағанда), қызметтер көрсетумен

айналысатын дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар (бұдан әрі – конкурсқа қатысушылар) үміткер бола алады.

Мемлекеттің қатысу үлесі 50%-дан асатын үйымдар, сондай-ақ өздеріне қатысты оналту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рәсімдерді жүзеге асыру туралы шешімдер белгіленген тәртіппен қабылданған үйымдар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

5. Конкурсқа қатысушылар Комиссияға кемінде үш жыл кезеңде шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің жоғары сапасын растауға тиіс.

Үйымдар конкурсқа мынадай номинациялар бойынша қатысады:

- 1) "Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын";
- 2) "Халық тұтынатын тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын";
- 3) "Қызметтер көрсететін үздік кәсіпорын";
- 4) "Азық-түлік тауарларын және/немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорын".

Әр номинацияда мынадай санаттар бойынша үш сыйлық беріледі:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі.

Конкурста "Үздік индустриялық жоба", "Үздік инновациялық жоба" арнағы сыйлықтары тағайындалады.

6. Қазақстан Республикасының Үлттық кәсіпкерлер палатасы сыйлық алуға арналған конкурсты үйымдастырушы (бұдан әрі – конкурсты үйымдастырушы) болып табылады.

7. Сыйлықты белгілі бір номинацияда алғаннан кейін төрт жыл бойы оны алуға қайта ұсынуға жол берілмейді.

8. Конкурсты үйымдастырушы жыл сайын ағымдағы жылғы ақпанда осы конкурсты өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлайды.

9. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген үйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидаларына сәйкес материалдарды ресімдейді және конкурсты үйымдастырушыға береді.

10. Конкурс төрт кезеңмен өткізіледі:

1) бірінші кезеңде конкурсты үйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды және материалдарды алдын ала бағалауды жүзеге асырады;

2) екінші кезеңде конкурсты үйымдастырушы конкурсқа қатысушылардың материалдарын және осы материалдар бойынша алдын ала қорытындыны республикалық конкурсты үйымдастырының шешімімен құрылған сараптамалық топтың қарауына береді. Республикалық конкурсты үйымдастырының шешімімен

құрылған сараптамалық топ конкурстың үшінші кезеңіне қатысуы үшін конкурс финалистерін (төрт номинацияда үш санаттан үшеу және арнайы сыйлықта екі-екіден) айқындауды;

3) үшінші кезеңде республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған сараптамалық топ кәсіпорындарға барып финалистерді бағалауды жүргізеді;

4) төртінші кезеңде конкурсты ұйымдастырушы жергілікті жерлерде материалдарды сараптамалық бағалау және сараптау нәтижелерімен бірге конкурс финалистерінің (төрт номинацияда үш санаттан үшеу және арнайы сыйлықта екі-екіден ) материалдарын Комиссияның қарауына ұсынады. Комиссия ұсынылған материалдардың негізінде женімпаздарды айқындауды және конкурсқа қатысушыларға сыйлық лауреаттары атағын беру туралы шешім қабылдайды.

11. Сыйлық лауреаты атағына ие болған конкурсқа қатысушыларға тиісті диплом, конкурстың эмблемасы және ақшалай сыйақы табыс етіледі.

12. Конкурс женімпаздарын марапаттау рәсімі жыл сайын салтанатты түрде өткізіледі. Конкурс женімпаздарын марапаттау рәсімін өткізу күні мен орны Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша айқындалады.

13. Сыйлық лауреаттары атағына ие болған конкурсқа қатысушылардың тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

14. Сыйлық лауреаттары атағына ие болған конкурсқа қатысушылар сыйлық берілгеннен кейін төрт жыл бойы сыйлық эмблемасын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын алады.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2017 жылғы 24 қарашадағы

№ 588 Жарлығына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 9 қазандығы

№ 194 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру

### ҚАФИДАЛАРЫ

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырушы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың кәсіпкерлер палаталары "Қазақстанның үздік тауары" өнірлік көрме-конкурстарын ұйымдастырушылар (бұдан әрі – өнірлік конкурстарды ұйымдастырушылар) болып табылады. Конкурсты

ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады. "Қазақстанның ұздік тауары" өнірлік көрме-конкурстарын ұйымдастыру облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астана әкімдіктерінің жергілікті бюджеттері қаражаты есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

## 2. Конкурстың негізгі мақсаттары:

1) жеке және заңды тұлғалардың отандық өнімнің сапасын арттыруға бағытталған қызметтің жандандыру;

2) Қазақстан нарығын жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өніммен толықтыруға жәрдемдесу;

3) отандық және халықаралық стандарттар негізінде сапаны басқару мен қамтамасыз етудің қазіргі заманғы әдістерін кеңінен енгізуге алғышарттар жасау және оған жәрдемдесу;

4) сапа проблемаларын шешу қажеттілігіне өнеркәсіптік, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың назарын аудару;

5) халық арасында сапа идеясын насиҳаттау болып табылады.

## 3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік, азық-тұлік тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер өндіруді жүзеге асыратын;

2) өнім сапасының тұрақты жоғары деңгейін және оны жүйелі түрде жақсартуды қамтамасыз ету жөнінде конкурсты ұйымдастырушы растиған оң нәтижелері бар дара кәсіпкер немесе заңды тұлға конкурсқа қатысушылар бола алады.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін "Қазақстанның ұздік тауары" өнірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, беру және алдын ала сараптамалық бағалау қағидаларына сәйкес материалдарды ресімдейді және конкурсты ұйымдастырушыға береді.

## 5. Конкурс мынадай үш номинация бойынша жүргізіледі:

1) "Өндірістік мақсаттағы ұздік тауарлар";

2) "Халықта арналған ұздік тауарлар";

3) "Ұздік азық-тұлік тауарлары".

Әр номинацияда үш женімпаз айқындалады.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның ұздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) шешімімен бекітілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі және төрт кезеңмен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау, материалдар мен өнімдерді сараптамалық бағалау жүзеге асырылады. Өнірлік конкурстарды

ұйымдастырушылардың шешімімен құрылған сараптамалық топ өнірлік конкурстардың 9 жеңімпазын айқындайды.

Өнірлік конкурстарды ұйымдастырушылар республикалық конкурсты ұйымдастырушыға өнірлік конкурс жеңімпаздарының қажетті құжаттарын жібереді.

Өнірлік конкурстардың жеңімпаздары республикалық конкурсқа қатысады;

2) екінші кезеңде материалдар мен өнімдерді сараптамалық бағалау республикалық деңгейде жүзеге асырылады. Республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған сараптамалық топ үш номинация бойынша 27 финалисті айқындайды;

3) үшінші кезеңде 27 финалист онлайн-дауыс беруге қатысады;

4) төртінші кезеңде республикалық конкурсты ұйымдастырушы 27 финалистің материалдарын алдын ала қорытындыларымен және онлайн-дауыс беру нәтижелерімен бірге Комиссияның қарауына ұсынады (әр номинацияда үш финалистен).

Комиссия ұсынылған материалдар негізінде 9 конкурсқа қатысушыға "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы дипломанты (бұдан әрі – конкурс дипломанттары) атағын беру туралы шешім қабылдайды.

Алдын ала қорытындының нәтижелері бойынша балл тепе-тең түскен жағдайда, жеңімпаз онлайн-дауыс беру арқылы айқындалады.

7. Конкурс дипломанттары "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының эмблемасымен және дипломымен марапатталады.

8. Конкурс дипломанттарының тізімі бұқаралық ақпарат қуралдарында жарияланады.

9. Конкурс дипломанттары конкурстың эмблемасын жарнамалық мақсатта төрт жыл бойы пайдалану құқығын алады.